

**Педагогикалық
практика бойынша
тұрақтандыру
конференциясы**

Кіріспе

- «ҚР Мемлекеттік жалпыға бірдей білім беру стандартына», «Білім» тобындағы “Биология-5В011300” Бакалавр мамандығы үшін Педагогикалық практика типтік бағдарлама, оқу процесінің кестесі бойынша 29.01-07.04.2018 аралығында өтіледі.
- Оқу-әдістемелік практика негізгі педагогикалық іс-әрекетке жақын (ұқсас) жағдайда өткізіледі. Педагогикалық практика - оқытушының кәсіби әрекеттерінің принциптері мен заңдылықтарын практикалық танып-білуді қамтамасыз ететін белгілі теориялық фундаментке негізделген және оны ұйымдастыру тәсілдерін меңгеретін - ЖОО-да студенттерді кәсіби оқыту формасы. Практика кезінде студент-практиканттардың қызметтері: ақпараттылық, дамытушылық, ұйымдастырушылық, жан-жақтылық, ғылыми-зерттеу және т.б. сипатталады.
- Ақпараттылық қызмет - білім қалыптастыруда индуктивті және дедуктивті әдістерді, әртүрлі көрнекі құралдарды пайдаланып, логикалық жүйелілікті сақтап, оқушыларға оқу ақпаратын беруде көрінеді. Дамытушылық қызмет - оқыту әрекетіне өздігінен жұмыс, проблемді тапсырма, тәжірибелер мен эксперименттер және оқу процесінің т.б. формалары кіретін әртүрлі күрделілік деңгейде оқушыларды проблемді оқытуда қамтамасыз етіледі.

Ұйымдастырушылық – оқыту әрекетін басқару процессінде меңгеріледі: сабақ жоспарын, сабақ құрылымы арасындағы уақытты анықтау және т.б. іске асады.

- **Педагогикалық практика, студенттерге оқушылармен, мектеп ұжымымен, ата-анамен қарым-қатынас, оқушылармен конфликтілік жағдайдың алдын-алу және шешу, сонымен қатар басқа да түрлі кері қатынастарды қалыптастыруды қамтамасыз ететін – жан-жақтылық (коммуникативтілік) қызметті меңгеруге мүмкіндік береді.**
- **Студенттер педагогикалық практика кезінде - бақылау, талдау, мұғалімнің сабақтарын, сыныптан тыс жұмыстары мен тәрбие шараларын салыстыру, мұғалімнің озық тәжірибелерін зерттеу, өзін-өзі және басқа практиканттардың іс-әрекетін талдау жүргізіп – ізденіс, зерттеу қызметтерін меңгереді. Ғылыми-әдістемелік жұмыстарды орындау мақсатында педагогикалық әрекеттерді жүйелеу, бақылау, жинақтауды жүзеге асырады.**
- **Педагогикалық практиканың мақсаты мен міндеттері «ҚР жоғарғы педагогикалық білім концепциясына» сәйкес құрылған «05113-Биология» мамандығы бойынша жалпыға бірдей білім беру мектептері алдында тұрған жалпы тәрбие мақсаттары негізінде анықталады.**

Педагогикалық практиканың мақсаты мен міндеті

- Педагогикалық практиканың мақсаты – биология мұғалімінің педагогикалық әрекетінің негізгі қызметін меңгеру және болашақ мұғалімдерді кәсіби-тұлға ретінде қалыптастыру.
- Педагогикалық практиканың міндеттері:
- биология мұғалімінің тұлғалық- кәсіби сапасын дамыту және қалыптастыру;
- оқушылардың биологияны және экологияны оқуға қызығушылығын дамыту және биология пәнінің мазмұны негізінде тәрбиелеу;
- оқушыларды ізденіс-зерттеу жұмыстарына баулау, табиғат қорғау және өлкетану жұмыстарын жүргізу біліктілігін және дағдысын қалыптастыру;
- педагогикалық компетенттілікті (кәсіби құзырлылықты) дамыту және қалыптастыру (ақпараттылық, дамытушылық, ұйымдастырушылық, коммуникативтік, зерттеу-ізденіс т.б.);
- педагогикалық іс-әрекетке шығармашылық, ізденіс әдістерін қалыптастыру.



Педагогикалық практиканың мазмұны

Педагогикалық практиканың мазмұны мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарының барлық бағыттарын қамтиды: оқу, тәрбие жұмыстары, ұйымдастырушылық, коммуникативтік, диагностикалық, сонымен қатар ғылыми-зерттеу іс-әрекеттер. Педагогикалық практика барысында студенттер биология пәнінің оқытушысы және сынып жетекшісінің көмекшісі қызметін атқарады. Жоғарыда көрсетілген бағыттардан педагогикалық практиканың мазмұны – мектепте биология, экология пәнін оқыту және тәрбиелеу іс-әрекеттер жиынтығы ретінде сипаттап жазылуы мүмкін. Педагогикалық практика барысында студенттер төмендегі тапсырмаларды орындағанда аталған әрекеттер түрлері анықталады:

- мектептің, сыныптың оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастырумен, пән оқытушысының және сынып жетекшісінің жұмысымен, сынып ұжымымен (мектептің, сынып жетекшісінің, пән мұғалімінің әдістемелік қорын зерттеу, техникалық және көрнекі құралдар кешенімен) танысу;

- **биологиядан сабақ, сыныптан тыс сағаттар және сыныптан тыс тәрбие шараларын дайындау, өткізу және талдау;**
- **биологиядан дидактикалық материалдар, көрнекі құралдар дайындау;**
- **байқау және сынақ сабақтарға, сыныптан тыс сағаттарға және сыныптан тыс тәрбие шараларына қатысу, талдау;**
- **педагогика, психология және биологияны оқыту әдістемесі бойынша ғылыми-зерттеу тапсырмаларын орындау.**

Студент-практиканттар орындайтын іс-әрекет түрлеріне байланысты соңғы курстағы педагогикалық практика бағдарламасының мазмұны келесі бөлімдерден тұрады:

- 1. Білімнің педагогикалық менеджмент бағытында жүргізілетін мектептің оқу-тәрбие жұмыс жүйесімен, оқу-тәрбие үрдісін басқарудың негізгі звеноларымен, биология пәні мұғалімінің және сынып жетекшісінің іс-әрекетімен танысу: білім мәселесін шешуде мемлекет пен қоғамның бірігу мақсатында білім үрдісін мемлекеттік-қоғамдық басқару.**
- 2. Биология сабақтарын дайындау, өткізу және талдау барысындағы оқу-таным жұмыстары.**

3. ~~Мамандық бойынша пән мұғалімінің сыныптан тыс жұмыстары.~~
4. Мектеп оқушылар ұжымындағы тәрбие жұмыстары.
5. Сынып (мектеп) оқушыларын психологиялық-педагогикалық зерттеу.
6. Ғылыми-ізденіс жұмыстары.

Педагогикалық практика барысында студент практикалық тапсырмалар орындайды, оның көлемі практика жоспарымен анықталады.

Студенттер келесі біліктіліктерді меңгеруге тиісті: биологиядан сабақ және сыныптан тыс сағаттарды жоспарлау; сабақтың, сыныптан тыс сағаттар және тәрбие жұмыстарының конспектілерін дайындау; мектеп оқулықтарымен және типтік бағдарламамен, әдістемелік әдебиеттермен жұмыстану, материал жинақтау, сабаққа және сыныптан тыс сағаттарға көрнекілік, техникалық құралдар таңдау; жаңа инновациялық, интерактивтік технологияларды пайдаланатын сабақтарды өткізу формаларын, әдістерін, тәсілдерін таңдау; сыныптан тыс сағаттарды жүргізуде оқушының психологиялық дамуы мен физикалық ерекшеліктерін ескеру

- оқушылар ұжымының (сыныптың) даму деңгейіне, олардың жалпы іскерлігі және дағдыларына, биологиядан білім, іскерлік және дағдысының даму дәрежесіне диагностика жүргізу,

- **жеке іс-әрекетін өздігінен талдау және өзін-өзі бағалауды жүзеге асыру, сонымен қатар практиканттардың байқау сабақтарын және сыныптан тыс сағаттарын талдау;**
- **ғылыми-ізденіс іс-әрекеттерін жүзеге асыру.**
- **Әрбір студент – практикант сынып сабақтар, сыныптан тыс сағаттар және тәрбие шаралар нормасын толық орындауға тиісті.**
- **Педагогикалық практиканың мазмұны мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарының барлық бағыттарын қамтиды: оқу, тәрбие жұмыстары, ұйымдастырушылық, коммуникативтік, диагностикалық, сонымен қатар ғылыми-зерттеу іс-әрекеттер.**
- **Педагогикалық практика барысында студенттер биология пәнінің оқытушысы және сынып жетекшісінің көмекшісі қызметін атқарады.**
- **Сынып ұжымының даму деңгейіне, олардың жалпы іскерлігі және дағдыларына, биологиядан білім, іскерлік және дағдысының даму дәрежесіне диагностика жүргізу,**
- **Жеке іс-әрекетін өздігінен талдау және өзін-өзі бағалауды жүзеге асыру, сонымен қатар практиканттардың байқау сабақтарын және сыныптан тыс сағаттарын талдау;**
- **Ғылыми-ізденіс іс-әрекеттерін жүзеге асыру.**

Педагогикалық практика құжаттары

- **Жеке жоспар**
- **Күнделік**
- **2 сабақтың толық жоспар конспектісі, слайд, презентация**
- **Сыныптан тыс тәрбие жұмысының жоспар-конспектісі, презентация**
- **Биология пәнінен сыныптан тыс сағаттың жоспар-конспектісі, презентация**
- **Мектеп гигиенасының есебі.**
- **Оқушыға (сыныпқа) психологиялық-педагогикалық мінездеме**
- **Педагогикалық практика есебі**
- **Аудан мектептерінде практика өткен студенттер мектеп әкімшілігінен Педагогикалық практика бағаланған мінездеме және анықтама (мектеп мөрімен)**